

Егемен Қазақстан

Егемен.kz

Аңыз бен ақиқаттан туған арман



Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрында елорданың 15 жылдық мерейтойы құрметіне арналған «Сахнадан сәлем» атты республикалық театрлар фестивалі басталды. 1-7 шілде аралығындағы өнер тойы белгілі қаламгер Қуаныш Жиенбайдың пьесасы бойынша Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, режиссер Болат Ұзақов сахналаған «Таңға жа йып планета» қойылымымен ашылды. Тағы бір айта кететін жайт, Қаллеки театры биылғы XXII маусымын аңыз бен ақиқат аралас екі бөлімді осы спектакльмен тиянақтауды жөн санапты. Мұны қойылымның сахна тынысына алып келген тың иірімдерімен сабақтастыруға болады.

Бастау. Ширау. Түйін. Адамның басы, қолы, аяғы дегендей негізгі үш таған бойынша ойымызды таратып айтсақ, спектакль де сондай жанды организм сияқты нәрсе. Осы үш бағам бір-бірімен қабысып, жымдасып, бір идеяға жұмыла қызмет етсе, режиссер еңбегі жанған болып есептеледі. «Таңғажайып планета» спектаклінің режиссері Болат Ұзақов бұл ретте өз міндетін ойдағыдай атқарып шыққанына куәміз. Олай деу себебіміз, сахнадағы саликалы ой театрдың табалдырығында қалып қойған жоқ, ол көрерменнің сана сандығына түйіліп кетті. Шынайы бейнелер әрекетімен өмір шындығы шыныдай жарқырап тұрды. Мысқылмен, уытты қалжыңмен қоғамды меңдеген дерт баяндалды. Кейіпкерлер мінез-кұлқы мен ісәрекеті арқылы режиссер бүгінгі өмірдің кемшілігін келемеждеді. Езуге күлкі үйірілді. Бірақ күлкінің түрі көп. Ал бұл кісі шаттанған сәттегі риясыз күлкі емес, «күлмегенде қайтеміз?» дегізетін астарында үлкен мәні бар, күнделікті күйбең тіршілікте әбігерге түскен әпербақан пенделердің бетпердесін сыпырған күлкі. Біз адам тек қуанғанда күледі деп ойлаймыз. Сөйтсек, жылайтын нәрселерге де күледі екенбіз. Тәртіп сақшысы, заң қорғайды дейтін полиция қызметкері Мүсіркептің түрі болса мынау – қарапайым халыққа көрсетпегені жоқ, оларға құрт-құмырсқа сияқты қарап, төбелерінен әбден билік жүргізіп үйреніп қалған. «Аңқау елге – арамза молда» демекші, Құдайдың өзі кешіре гөр, имам Сағадидың әлпеті одан асқан сорақы. Бес уақыт намазын қаза жібермейді деген дін уағыздаушысын дүние-байлықтан ада, мансап жолында құлша құлдыраңдамайды деп біржақты баға беріп жататынымыз дұрыс емес екен. Жалпы бір адам туралы жақсы не жаман деп кесіп айтқан жарамайды. Тілі мен сөзі май жалатқандай жылман имам да, адалдық аулынан алыс полиция майоры да ғажайып ғаламшарға өтпей, кері қайтарылады. Залдағылар қуанып қол соқты. Бейне бір өмірде солай әділеттілік орнап жатқандай әсер жеңді. Әлгілер өз қызметтерін асыра пайдаланып, жымысқылықпен жымқыра жеп қойғандарын Абыз атаның электронды айнасынан өздері айна-қатесіз ашық көреді. Бастауда – балалық бал дәуренге, ширауда – ақиқат пен алдап-арбаудың арпалысын айқындайтын әділдік айнасына, ал соңғы түйінде Арқада бой түзеген арман қаланың көрінісіне, ұлттық идеяға құрылған шығарма желісі жеңіл қабылданады.

Пейілдері ақ, кіршіксіз адал, жан баласына өмірде қиянат, жамандық жасамаған, жүректері әділдік әміріне жүгінген адамдар ғана мекендейтін жер бар ма екен мына ғаламда? Адамның жан-дүниесі тек жақсылық пен ізгіліктің дәнінен көктер болса, кеңістік керемет гүлстанға айналып, қазіргі жетімдер, қарттар үйі секілді мейірім бұлағы сарқылған мекенде көбейетін мекемелердің өзі кейінгі ұрпақ үшін тарихи жазбалардағы архаизмдік, болмаса архивтерде ғана кездесетін, бұрынғы өтіп кеткен ескі бір замандардағы анайы атау болып қана қалмас па еді. Рас, «Армансыз адам – қанатсыз құс» сияқты. Қыранды қияға самғататын – қанаты, ал адамды ұшқыр қиялы ақшаңқан бұлттардың ар жағындағы аңсар биіктерден әріге заулатып, армандай асыл ақ дәуренімен ұшырастырады. Адамзат ақыл-ойының қазіргі жетістігінің барлығы әуелі армандаудан, қиялдаудан туғаны белгілі. Тіпті жай қарапайым адамның өзі кейде армандап кетеді. Армандамасаң, алға қалай ұмтыласың. Қазақ драматургиясында сирек құбылыс саналатын фантазмагория жанрындағы туындының бүгінгі сахнаға таңдалуы кездейсоқтық емес. Бір сәт әр адам өзінің мына қоғамға қандай пайдалы үлес қосып жүргенін ойлап көрсінші.

Жүрегінің түбіне бойласын. Ақиқаттың бетіне тура қарасын. Кімге қандай жақсылық жасадым, яки болмаса жеке бастың қамы үшін ағаттыққа бой алдырған кезім көп пе десін.

Бірақ жұрттың бәрі осылай өзіне сұрақ қойып жатыр ма? Ал сұрады делік, онда неге неше түрлі сұмдық оқиғалардан көз ашпаймыз? Түйені өркешімен жұтуға дайын өзімшіл өңеш байыз таппақ түгілі, тойымсыздық пен ашқарақ аран айылын жимай жатыр. Сондықтан ізгі ниетті, сезімі мөлдір тұрғындар ғана өмір сүретін ғаламшар ойлап табу керек. Ол планетаға сыбайластықпен, тамыр-таныстықпен ешкім өте алмайды. Ғажайып ғаламшарға енетін қақпаға кісінің өмірде не істеп, не қойғанының бәрін тайға таңба басқандай айғақтайтын адалдық айнасы сияқты арнайы сынақ қорап қойылады. Кеденнен өткендегідей тексерілесің. Ақ, адал жандарға жасыл шам, ал бағы жанбай қалған бейбақтарға қызыл шам жанады. Қызыл шам символикалық түс іспетті. Яғни ұят түсі. Әрі алаулаған ар оты. Екі беті дуылдап, ұяттан нарттай болып қызарған жандардың өзара әңгімесі арқылы спектакльдегі оқиға ширап, алға қойылған мақсатты мәреге жетуде бұл деталь орасан зор рөл атқарды деген ой туындайды. Қан тапсырып, халыққа қарайласқан Айбергеннің кеденнен еш кедергісіз өтуіне байланысты көре алмаушылықпен Мүсіркеп пен Сағади дау соғып, Абыз атаның алдына келеді. Абыз: «Бәрін көріп отырмын. Жасарал, мына кісілерді дереу кабинаға кіргізіңіз. Сосын Айбергеннің өмірбаянына байланысты барлық материалдарды алдарына жайып салыңыздар», – дейді. Репродуктордан бүкіл оқиға тізбектеліп шығады. «Айберген Сүгірбекұлы, қазақ, жоғары білімді, үйленген, үш баласы бар, әзірге жұмыссыз» екен. Молда: «Әне, көрдіңіз бе, жұмыссыз... арамтамақ! Бірақ сіздердің «қырағы көздеріңіздің» арқасында жаңа планетаға ың-шыңсыз өтті де кетті», дейді. Одан қалыспай Мүсіркеп: «Ауыз жаласу дегеніңіз қайда жатыр? деп көмескі ойды көсей түседі. – Ойбай-ау, Айберген кім, сен кім, ал мына мен кім?! Оу, Айбергеннің аты Айберген, балашағасын қайтіп асыраймын деп, көрінгенге қарыз беріндерші деп, жалынып-жалпайып алақан жайып жүретін қайыршы емес пе еді». Оның сөзін іле жалғастырған Сағади таңданып: «Сенен де қарыз алды ма?» дейді.

Кеден бекетіндегі қызыл-сары түсті жарықтар мұнда өмір базары қайнап жатқанын көрсетеді. «Жарайсың, өттіңіз» деген үн планетаның арғы бетіне ағылған сандаған тағдырдың бақытты өміріне берілген билеттей қуанышты арттыруда. Бергі бетте екеудің әңгімесі. «Әне, айтып ем-ау, осының бір пәлесі бар деп... Ал енді не істейсің, алғашқы турдан-ақ өтіп кетті. Үстіне қылаудай кір жұқтырмай...» дейді Мүсіркеп.

Абыз ата Жасаралға қаратып: «Негізгі шаруаға көшіңіз», дейді. Репродуктордан Айбергеннің жыл сайын донор ретінде қан тапсыратыны жария етіледі. Сағадидің одан бетер іші қусырылады. «Бізге айтпай астыртын қан тапсырып жүргенін қарашы мұның. Демек ешкімге тіс жармай, тек өзі ғана жаңа планетаға күні бұрын дайындалып жүрген екен-ау», деген қызғаныштан тамағы қылқына жаздайды. Абыз атаның ескертулері мен өмір сабағынан түк ілмеген имам сахнадан шығып бара жатып өзімен мұндас Мүсіркепке: «Жүр кеттік, біз де барып қан тапсырып қайтайық. Келесі турға дайындалайық», дейді. Адамдардың қызғанып, бір-бірін көре алмауы, бірінің қызығына екіншісінің қосыла қуанбауы, реті келсе, оларға түрлі өсек-жала жауып, келешегіне балта шабуға дейін бару секілді жат қылық кейіпкерлер әрекеті арқылы қылаң беріп, автор мұнда қоғамның тағы бір үлкен дертін қозғайды. Өкінішке қарай, күнделікті араласып жүрген таныс адамының сыртынан өсекті сықпыртып жіберуден қымсынбайтын жандар баршылық. Ғайбат сөйлеу сөкеттік емес, өжеттік секілді олар үшін. Сондай өресі өрескелдеу кейіпкердің бірі, шегіртке шенеунік Құттымұрат сахнаға қозы қарны бұлтиып шыға келгенде, көрерменнің көңілінен тағы бір өшпес бейне ойып тұрып орын аларына сенімді едік. Қолындағы портфелі оның мінез-құлқын айқындауға көп көмегін тигізіп тұр. Іші толы шытырлаған ақша. Бұрқыраған қағаз. Айналасындағылар сұмдық бір жұмысбасты адам екен деп ойлап қалуы мүмкін. Көзінде – қара көзілдірік. Көкірек көзі тұмшаланған жанның кім екені кеден алдындағы аз ғана оқиғадан анық байқалып қалады. Спектакльдің кульминациясы дәл осы үштіктің диалогы шығар деп ойлаймыз. Бірақ шенеунік Құттымұраттың тілі сәл-пәл мүкістеу ме? Сөзін Сағади түсінеді, ал Мүсіркеп ештеңе ұқпай дал болады. Баяғыда

марқұм Темірбек Қожакеев ағамыз адамның жеке басының кемістігін келемеждеп, күлкіге айналдыру журналистика этикасына жатпайды деп үйреткен бізге бұл әрине, соншалық тапқыр әдіс болып көрінген жоқ. Алайда, артистизм алға озып, оқиға желісі көрерменді тартып ала жөнелген сәтте мұндай шешімдердің кейде спектакльді ширатуға пайдасы көп тиетінін еріксіз мойындауға тура келеді. Дәл осы тұста үш кейіпкердің әңгімесі, былайша айтқанда ойыны бір-бірімен қабысып, қатар дамып отырды. Сағади рөліндегі Жанқалдыбек Төленбаевтың, Мүсіркепті сомдаған «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Ерлан Малаевтың, сонымен қатар, Құттымұрат бейнесіндегі Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Боранбай Молдабаевтың әртістік шеберлігі автор еңбегінің халыққа мүлтіксіз жетуіне қызмет етіп тұрды. Осы арада қосып айта кеткеніміз жөн сияқты. Уәлидің рөлін ойнаған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кеңес Нұрланов та өз кейіпкерінің ұзақ өмір сүруіне толайым тер төкті. Шеберлік шектен асқанда кейіпкер мен әртіс қосылып, бір бүтінге айналады. Міне, осы Уәли мен әртіс біздің көз алдымызда бір адам болып тұтасып кеткендей. Ал кім өзіне берілген тапсырманы қалай орындады дегенге келсек, Абыз бейнесіндегі Жәнібек Мұсаевтың, заманауи театрлар үлгісіне сай пластикалық би өнерімен ерекшеленген Жасарал, Қаршыға, Бекзат рөлдеріндегі Жанат Оспанов, Олжас Жақыпбеков, Бауыржан Сұрапбаев сияқты кейінгі толқынның тамаша өнері сүйсінтеді. Шынар, Жанкүміс, Сәлима бейнелерін сомдаған Сая Тоқманғалиева, Айман Аймағамбет, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлбаршын Қылышбай рөлдері бүгінгі қыз-келіншектер өмірінің түрлі өрнек теріне көз тіктіреді. Кеденде асықтай алты баласымен Сәлиманы жаңа планетаға қабылдап жатқанда, көрермен қошеметпен бекер қол соққан жоқ. Қоғам алтын құрсақты аналармен ардақты. Бала тәрбиесі – қашаннан ананың жұмсақ алақанында. Бақытты ғұмыр кешетін мұндай ғажапстанға алдымен көп балалы ананың өтуі сондықтан заңды.

Фантасмагория жанры қазақ драматургиясында қаншалық өскенін дәл осы тұста тап басып айтып беру қиын. Бірақ та спектакльді тамашалай отырып, халықтың көкейіндегі аңсар-мұратты жеткізуде мұндай тың үлгілердің төл сахнаға қажет тұстары аңғарылып қалды. Режиссер Болат Ұзақов осы идеяның ойдағыдай жүзеге асырылғанын әңгімеге арқау етті. «Спектакльдің атының өзі-ақ қиял-ғажайып дүние екенін аңғартып тұр. Жыл сайын елорданың туған күніне арнап спектакльдер қою – қалыптасқан дәстүр. Биыл бірақ бұл мереке ерекше тойланғалы отыр. Өйткені, елордаға он бес жыл толуда. Соған орай астанадағы мәдениет ошақтары мерекелік бағдарламалар әзірлеген болатын. Соның аясында біз жазушы Қуаныш Жиенбайдың «Таңғажайып планета» пьесасын таңдап алдық. Екінші жағынан, мысалы Астана да арманнан, қиялдан туған қала ғой. Елбасы Сарыарқаның төсінен, жаңа бір жерден ел тәуелсіздігіне серпіліс әкелетін қоғам ба, қала ма тұрғызсақ, сол жерге бүкіл озық ойды тоғыстырсақ деп армандады. Ол жерге қоныс тебетін адамдар жаңалыққа, жақсылыққа ұмтылған, ел болашағын өрге домалататын жандар болса деген мұрат биік тұрды. Қоғамның осындай бір жаңаша түрін қалыптастырғысы келген міне, сол идея, арман бүгінде іске асып жатыр», деп ойымен бөліскен режиссер «фантасмагория» жанры қиялдан, арманнан туған деген мағынаны білдіретінін айтты.

Бұл жерде айтылатын басты нәрсе не? Автордың ойы бойынша, қазақтың атын әлемге танытатын бір жаңа қоғам құру керек. Ол қоғам басқаларға ұқсамауы тиіс. Тіпті ол дүние жүзіне эталон боларлық қоғам болса дейді. Онда ақша деген атымен болмаса. Адамдар өзіне керегінше жұмыс істесе. Мұнда оқу, денсаулық сақтау сияқты адам жанына керек бүкіл нәрсенің бәрі тегін, ал тұрғындары ел үшін, жер үшін аянбай еңбек ететін жаны таза жандар болса деген ғажайып сырлар қиялыңды ұштайды.

Әр адам жақсылыққа ұмтылады емес пе? Мысалы тоқсаныншы жылдары арман болған нәрселер бүгінде іс жүзіне асырылып жатқан жоқ па? Сол сияқты жақсылыққа ұмтылған, әсіресе, жастарды жаңалыққа жетелейтін идеясы бар дүниенің өмірге келуі заңды құбылыс еді. Келеңсіз жағдайлардан арылуды, кемшілікті жоюды осы қоғамдағы мамандық иелерінің қатысуымен мысқыл, юмор арқылы әсірелеп беруге тырысып баққан

шығармашылық топ дiттеген сол меженi еркiн меңгердi дей аламыз. Ең бастысы, бiр топ жас баланың арманын аспаннан түскен Абыз бабамыздың қолдап, жаңа планета ашуға көмектесуi ұлттық идея рухының сiлкiнiсi секiлдi әсер етедi. Астана бейнесi осының бiр прототипi сияқты. Спектакльдiң бiрде-бiр жерiнде Астана, елорда деген сөздер қайталанып жатпайды. Тек үшiншi декорациядағы әсем ғимараттардан жұрт мұның астарынан сондай ойдың қылаң берiп қалатынын аңғаруы мүмкiн.

Қойылым тұсаукесерiнде белгiлi қаламгер Қуаныш Жиенбайдың өзiмен әңгiмелесудiң сәтi түстi. «Менiң драматург болайын деген тiптi ойым жоқ. Бiрақ та Сырбай Мәуленов ағамыздың: «Ақын бол деп қоймады елге деген махаббат», деген сөзi бар. Сол сияқты Астанаға деген әсер осылай драмаға қалам тартқызды. Бұл бес жыл бұрын жазылған дүние болатын. Астананың он жылдығына орай сахналанатын болған, бiрақ кейiн қаржы табылмай, аяқсыз қалып қойған едi. Өзiм бұл шығарманы ұмытып та кеткенмiн. Жақында Болат Ұзақов елорданың он бес жылдығына байланысты бiраз дүниелер түсiп жатыр, бiрақ сiздiң дүниенiз олардан ерекшелееу, жақында қолға аламыз, өзiнiз тағы бiр оқып көрiнiзшi деген соң қайтадан үстiнен бiр қарап бердiм.

«Сарыарқаның төсiнен орын тепкен астана» деген сөздердi спектакльде айтудың керегi жоқ деп шештiк. Менiң негiзгi айтайын деген ойым – қазақтың бүгiн жаңадан пайда болған планетасы туралы. Мұндағы адамдар қалай өмiр сүруi керек? Тек қана сыртқы сұлулық аздық етедi. Үйдiң, ғимараттардың әсемдiгiмен астана аты асқақтамайды. Алдымен, адамның жан-дүниесiнiң тазалығы керек бұл жерде. Сонда елорданың болашақ тұрғындары кiмдер болуы керек дегенде, заманға сай, биiк талғамы бар, ұлттық намыс бойынан молынан табылатын жаңа планетадағы адамдардың қауымдастығын құру идеясы көрiнiс табады. Бiз ескiрiп барамыз. Егер астананың халқы тәртiптi, рухты болып жатса, басқа өңiрлер осыған қарап бой түзейдi. Сонда қазақ жұрты рухани бiр сiлкiне деген мақсатпен туған дүние. Аңыз бен ақиқат аралас екi бөлiмдi драманың басы оқыс басталады. Өрiмдей жастар өздерiнше ойлайды. «Бiздiң интернаттың алдындағы жазуға тағы да бiр назар салыңдаршы: «Қамқоршысынан айырылған балаларға арналған мектеп-интернат. Қалай сендерге ұнай ма, ұнаса өстiп жүре берiңдер бастарыңды салбыратып», дейдi Қаршыға есiмдi бозбала. Ал Жасарал: «Сендер не десендер, о дендер, ал өзiм жетiм балалар үйi, қарттар үйi, тастанды балалар үйi дегендер атымен жоқ әдiлеттi қоғамда өмiр сүргiм келедi!» деп айтады. Олардың сөзiн естiп тұрған Абыз ақсақал жерге түседi. Аңыз бен ақиқат осылай ұштасады. Мұнда қысқасы мен астананың болашақ тұрғындары халықтың болашағын ойлайтын таза ниеттi адамдар болуы керек, астана қалай көркейсе, қазақ рухы да сонымен бiрге, жарыса биiктеуi керек деген идеяларды алға тартқым келдi», дедi автор.

Қорыта келгенде, жазушының жаңа планетасы – елорда символы. Қазақ елi тәуелсiздiгiнiң арқасында Арқада ару Астана сылаң қағып өсуде. Дала төсiнде алып планета құшағын досқа айқара ашады деп бұрын-соңды кiм ойлаған. Қазақтың атын айдай әлемге жайып жатқан бұл ғаламшарға дүние жүзiнiң халқы түгел сүйсiнiп, сырттай тамсана әңгiмеге арқау етедi. Ендеше, сол жаңа планетаны мекендейтiн адамдар тәңiрдiң осы сыйын қалай қабылдауда деген сұрақ астана тұрғындарына қойылып тұрғандай әсер түйгiзедi. Өзгелерге ұқсамайтын жаңа тiршiлiк иелерiне не нәрсе қымбат, не асыл екенiн бiлу үшiн осы әлемнiң iшiне бойлай бергiң келедi, бойлай бергiң келедi. Әлi-ақ осы алып планетаны құрып жатқан адамдардың әрқайсысының жан дүниесiн зерттейтiн ғаламат ғылыми институт ашылып кететiндей сияқты. Қиял мен арман толы спектакльдiң соңында бiз де армандап кеткен шығармыз. Армандауға болмай ма?!

Қарашаш ТОҚСАНБАЙ